

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдардың құрылымы, штат саны және лауазымды адамдардың тізбесі туралы" 1997 жылғы 16 қазандағы N 3691 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 17 тамыз N 4022. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қ а у л ы е т е м і н :

"Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз ететін органдардың құрылымы, штат саны және лауазымды адамдардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қазандағы N 3691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 47, 427-құжат) қосымшаға мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымынан Тұрақты даму жөніндегі Ұлттық кеңес хатшылығы алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымына Әлеуметтік-экономикалық реформалар мәселелері жөніндегі бөлім енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*